

## **Тайынша ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 103 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде № 4159 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабы 1, 2-тармақтарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27-бабы 9-тармағына, "Аудан бюджеті қаражаты есебінен қамтылатын Тайынша ауданының атқарушы органдарын қайта тіркеу туралы"

Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 513 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Тайынша ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Иманслям*

Тайынша ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10  
сәуірдегі № 103 қаулысына қосымша

## **Тайынша ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін бекіту туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 41 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 24 ақпандағы № 3114 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 наурыздағы № 12 "Тайынша Таңы", 2015 жылғы 20 наурыздағы № 12 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесін бекіту туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 42 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 24 ақпандағы № 3115 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 наурыздағы № 13 "Тайынша Таңы", 2015 жылғы 27 наурыздағы № 13 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесін бекіту туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 145 қаулысы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 3226 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 20 "Тайынша Таңы", 2015 жылғы 15 мамырдағы № 20 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережесін бекіту туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 284 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 шілдедегі № 3303 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамыздағы № 32 "Тайынша Таңы", 2015 жылғы 5 тамыздағы № 32 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).

5. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесін бекіту туралы " Тайынша ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 285 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 1 шілдедегі № 3290 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 шілдедегі № 31 "Тайынша Таңы", 2015 жылғы 31 шілдедегі № 31 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).

6. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің регламентін бекіту туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 наурыздағы № 81 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 31 наурыздағы № 3672 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 19 "Тайынша Таңы", 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 19 "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).